

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ЭКОЛОГИЯ, ӨЛКЕТАНУ ЖӘНЕ ТУРИЗМ ОРТАЛЫҒЫ» КММ**

**Шымкент қаласындағы экологиялық туристік-өлкетану
бағытындағы мекеменің жұмыс жүйесінің дамуы**



ШЫМКЕНТ 2020 ж.

УДК 574 (574 я 7)
ББК 28,88
Э 11

Авторлар-Құрастырушылар:

У.Ж. Камытбекова, «Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ директоры
Ж.И. Исмаилова, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
С.С. Алагозова, педагог-ұйымдастырушы
Г.Р. Ерсары, әдіскер
А.Д. Нажмідін, әдіскер
А.О. Кансейтова, әдіскер
А.М. Лауланбекова, психолог

Пікір берушілер:

Г.Д. Есентуреева – «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ аға оқытушысы, а.ш.ғ.к
Р.К. Жумаханова – М. Әуезов атындағы ОҚМУ «Биология» кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.

«Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ жинағы/
Құрастырушылар: У.Ж. Камытбекова., Ж.И. Исмаилова - Шымкент, 2020 ж., 61 бет.

ISBN 978-9965-03-903-4

Жинаққа «Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ жұмыстары енгізілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

УДК 574 (574 я 7)
ББК 28,88
ISBN 978-9965-03-903-4

**Шымкент қаласы білім басқармасының «Экология,
өлкетану және туризм орталығының» атқарылған жұмыстарын
жалпылауға арналған жинаққа**

ПІКІР

Жинақта Шымкент қаласы білім басқармасының «Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ қосымша білім беру ұйымының атқарылу қызметтері сипатталған. Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім мен тәрбие беруде экология-биологиялық және туристік - өлкетану, экскурсиялық бағытта қызмет атқарып отырған маңызды мекеме болып табылады.

Жинақта мекеменің қалыптасуы мен даму тарихы алғашқы жас натуралистер станциясынан бастап Шымкент қаласы білім басқармасының «Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ болып құрылғанға дейінгі егжей-тегжейлі талдауы берілген. Педагогикалық қоғамдастықтың жарқын өкілдерінің және бірінші кезекте мекеменің директоры Камытбекова Улжан Жайлауовнаның қосымша экологиялық-биологиялық білім беру жүйесін, сонымен қатар туристік –өлкетану, экскурсиялық жұмыстарды жүргізу, дамытуға қосқан үлесі көрсетілген.

Мекемеде оқу процесі бірінғай білім беру кеңістігі ретінде жүзеге асырылғандығы, онда балаларға қосымша білім беру мен сабақтан тыс бос уақытындағы бір-бірімен қарым-қатынасы интеграцияланғандығы байқалады.

Білім алушылардың экология-биологиялық бағытындағы білімдерін тәжірибемен ұштастыру, жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесін танып білу, іздеу –зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында құрылған «Тірі табиғат мүйісі» бұрышының жұмысы көрсетілген.

Балалар мен жасөспірімдерге экология-биологиялық бағытта қосымша білім мен тәрбие берудегі бағыттарының бірі қала, республика көлемінде әртүрлі деңгейдегі іс-шараларды ұйымдастырып өткізу. Сонымен қатар экология-биологиялық, туристік-өлкетану және экскурсиялық бағыттарында түрлі мекемелермен бірлесіп жұмыс атқаратындығы.

Шымкент қаласы білім басқармасының «Экология, өлкетану және туризм орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметінің тағы бір бағыты экология-биологиялық бағыттағы жүргізілген әдістемелік жұмыстардың нәтижесінде әрбір оқу-жылдарында педагог қызметкерлерінің бірқатар тақырыптарда әдістемелік нұсқаулықтар мен көмекші оқу құралдарын баспадан шығару.

Бұл жалпылау мұғалімдер мен қосымша білім беру ұйымдарының жетекшілеріне, жаратылыстану бағыты бойынша мектептегі ғылыми-зерттеу жобаларының жетекшілеріне және мектептерде жастар жұмыстарын жүргізетін мұғалімдерге пайдалы болар деген сөзсіз.

**«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы
және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАК
аға оқытушы, а.ш.ғ.к.**



Г.Д. Есентуреева

АҢДАТПА

Берілген жинақта балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім мен тәрбие беруде экология-биологиялық және туристік-өлкетану, экскурсиялық бағытта қызмет атқарып келе жатқан қосымша білім беру мекемесінің бірі Шымкент қаласы білім басқармасының «Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ қосымша білім беру педагогтерінің педагог-ұйымдастырушы, әдіскерлердің Шымкент қаласының әр-түрлі деңгейдегі білім беру мекемелерінің оқушыларымен тәрбиеленушілері атқарған көп жылдық экологиялық-биологиялық педагогикалық пен жаратылыстану-ғылыми қызметтерінің нәтижелері мен тәжірибелерін талдап қорыту материалдары келтірілген.

Жинақ материалдары өзекті, жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған. Сапалы қосымша білім беру жұмыстары жеке тұлғаның зияткерлік шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту олардың қабілеттерін іске асыру адамгершілік салауатты өмір салты экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру адамзаттық пен отансүйгіштікке, өз отанына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді, халықтық дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу. Бос уақытты мазмұнды етіп ұйымдастыру жұмыстары қарастырылған.

Жинақ материалдары өзекті, инновациялық және қосымша білім беру педагогтері, балалардың танымдық бос уақытын ұйымдастырушылар, жаратылыстану ғылымдарының оқытушылары, экологтар, өлкетанушылар және табиғат қорғау, экологиялық-ағартушылық қызметпен айналысатын мамандар іс-тәжірибелік жұмыстарында пайдалануы мүмкін.

АННОТАЦИЯ

В данном сборнике авторы рассматривают вопросы деятельности по эколого-биологическому, туристическо-краеведческому, экскурсионному направлениям дополнительного образования, а также проблемы экологического воспитания детей и подростков, представлены материалы обобщения результатов и опыта многолетней эколого-биологической педагогической и естественно-научной деятельности методистов образовательных учреждений различных уровней города Шымкента.

Материалы сборника актуальны и направлены на формирование, развитие и профессионального становления личности на основе общечеловеческих ценностей. Качественное дополнительное образование формирует развитие интеллектуальных творческих возможностей личности, способствует реализации их способностей, воспитанию гражданственности и патриотизма, любви к своей Родине, уважения к государственным символам, государственному языку, народным традициям, а также закладывает основы здорового образа жизни, экологической культуры. Предусмотрена работа по организации содержательного досуга.

Материалы сборника могут быть использованы в практической работе педагогами инновационного и дополнительного образования для организации познавательного досуга детей, преподавателями естественных наук, экологами, краеведами и специалистами, занимающимися природоохранной, эколого-просветительской деятельностью.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	6
1. ЭКОЛОГИЯ, ӨЛКЕТАНУ ЖӘНЕ ТУРИЗМ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ 65 ЖЫЛДА ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ	11
1.1. Мекеменің мақсаты мен міндеттері	13
1.2. Қосымша білім берудің басым бағыттары мен ерекшеліктері	14
2. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	16
2.1 Қаланың және облыстың экология-биологиялық ұйымдарымен бірлесіп жұмыс істеудегі ынтымақтастығы	20
3. ОҚУ-ТӘРБИЕЛІК ЖҰМЫС	22
3.1. ҮЗДІКСІЗ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	22
3.2. Экология, өлкетану және туризм орталығының кадрлық құрамы	22
3.3. Педагог қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстары	23
3.4. Үйірмелік бірлестіктердің оқу қызметтерді	26
4. ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТІ	35
5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР	42
5.1. Қалалық іс шаралар	43
5.2. Республикалық іс-шаралар	45
6. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ	47
7. ЭКОЛОГИЯ, ӨЛКЕТАНУ ЖӘНЕ ТУРИЗМ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ	58
8. ҚОРЫТЫНДЫ	63
9. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	65

КІРІСПЕ

Еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішінде егемен еліміздің, қоғамымыздың әлеуметтік-саяси және басқа да салаларында түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Соның бірі - білім беру саласы. Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең жауапты, маңызды іс болып қала береді. Сондықтан мемлекетіміздің даму, жаңару жолындағы жаңалықтар мен түрлі өзгерістер еліміздің білім беру саласында да өз әсерін тигізуде.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде қосымша білім беру мектептен тыс ұйымдардың бірегей жүйесін сақтау және дамыту, жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және шығармашылық дамытуда олардың ролін арттыру мақсатында ұйымдастырылады.

Балаларға қосымша білім беру – білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі, үздіксіз білім жүйесінің ажырамас бөлігі. Сонымен қатар салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашыл дарынды балаларды іздеу, қолдау көрсету және дамыту, өскелең ұрпақ тәрбиесіне және олардың дарындылығын дамытуға, балалардың құқықтарын қорғауға назар аударуды күшейтуге бағыттауға негізделген.

Қосымша білім беру ұйымдары білімнің адам өмірі мен қоғамдағы ролін балаларға түсіндіру арқылы олардың білімге, өнерге, мәдениетке деген қызығушылығын, ынтасын оятып, жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады. Бұл жағдайда жұмыс субъект, объектілер, яғни бала мен қосымша білім беру мекемесінің өзара ынтымастығы мен шығармашылық қарым-қатынасы арқылы іске асырылады.

Балаларға қосымша білім беру мазмұны, оны ұйымдастыру түрі, әдістері мен технологиялары сапасын көтеру, педагогикалық шығармашылық жұмысты бағдарлы түрде ұйымдастыру көзделген. Қазақстандағы қосымша білім беру жүйесі білім беру кеңістігінің ең динамикалық және дамушы құрамды бөлігі болып табылады, ол стандартты жүйеге қарағанда ерекше ашық және еркін дамуды қалыптастырады.

Қазіргі кезеңде Республикамызда қосымша білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттердің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Жаңа технологияны меңгеру педагогтің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына

игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру жағдайында қосымша білім беру тиімді білім беру бағдарламаларының бірі болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру ерекшеліктерін, оның міндеттері мен мақсаттарын талдау, білім берудің дәл осы саласы адамгершілік құндылықтарды, ұлттық-мәдени дәстүрлерді нығайту, сондай-ақ тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ету үшін ең қолайлы болып табылатыны туралы қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Өз Отанына, жанұясына, табиғатқа деген махаббат арқылы өзі туған Отанын, өз жерін мақтан тұтатын нағыз азаматты тәрбиелеуге болады. Елбасының көрсетіп отырған міндеттерін шешуде балаларға қосымша білім беру саласына маңызды рөл берілді. Осыған байланысты, қосымша білім беру ұйымдарының басты стратегиялық тәсілдері «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінде анықталған өскелең ұрпақты әлеуметтендіру және өзін-өзі дамыту сияқты маңызды міндеттерді шешуге бағытталуы қажет. Үлкен рухани - адамгершіліктік әлеует туризмде де жатыр. Дәл осы туризм жасөспірімдер арасында өте бағаланатын мақсатқа талпынушылық және қажырлылық, батырлық және жігерлілік, өз бетімен әрекет ету және бастамашылдық сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Туристік-өлкетану қызметті ұйымдастыру балаларды өз халқының, өз елінің тарихына, мәдениетіне араластыруға мүмкіндік беретіні анық.

Елбасымыздың 2018 жылғы 5 қазанындағы «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру тақырыбындағы жолдауында «Өз жеріңді танып біл» жаңа бастамасы аясында еліміздің өңірлері бойынша мектеп туризмі жаңғырту керек екені айтылған болатын.

Осыған орай, жолдаудағы белгіленген міндетті жүзеге асыру мақсатында, мекемеміз экология-биологиялық іс-шаралармен бірге өлкетану және экскурсиялық жұмыстар атқарылуда. Қазіргі уақытта балалар туризмі бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Келешекте білім алушыларға қосымша білім мен тәрбие берудің инновациялық оқу-бағдарламаларын дайындап, балалар мен жасөспірімдердің эко-туризмге қызығушылығын одан әрі дамыту мақсатында «Экология, өлкетану және туризм орталығының» қосымша білім беру педагогтері мен әдіскерлері, педагог-ұйымдастырушылары жұмыс атқаруда.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қосымша білім беру желісін дамыту және қосымша білім мазмұнын жетілдіру қарастырылған. Ал, қазіргі таңда осы бағдарламаны жүзеге асыруда Қазақстан

Республикасының Білім және Ғылым министрі Аймағамбетов Асхат Қанатұлы балаларға қосымша білім беру ұйымдарына қолдау көрсетуде.

Қазіргі таңда экологиялық білім мен тәрбие беру мәселелері жалпы тәрбие беру мен білім жүйелері дамуының өзекті бағыттарының бірі. Экологиялық білімсіз қоғамдық экологиялық сана құру мүмкін емес.

Экологиялық білім беру жеке адамның қоршаған ортаның жай күйі үшін экологиялық жауапкершілігін қамтамасыз ететін білім мен дағды жүйесін, құндылық бағдарларды, адамгершілік эстетикалық қатыныстарды қалыптастыруға бағытталған, жеке адамды тәрбиелеудің, оқытудың, тұлғаның өз білімін көтеруінің және дамуының үздіксіз процесі.

Осыған орай, балалар мен жасөспірімдерге экология-биологиялық бағытта қосымша біліммен тәрбие берудегі бағыттарының бірі әртүрлі деңгейдегі іс-шараларды ұйымдастырып, өткізу болып саналады. Айта кететін болсақ: мекемешілік, қалалық, өңірлік, республикалық, халықаралық іс-шаралар. Іс-шараларға мектеп оқушылары мен үйірме білім алушыларының қатысу деңгейінің жылдан жылға арттып отырғандығын айта кету керек.

Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында қосымша білімдегі үйірме жұмыстары күннен-күнге ұлғая түсуде. Мектептен тыс орталықтарда жүргізілетін тәрбие жұмыстары, сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен балалардың таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың, олардың бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын оятудың құралы ретінде қызмет атқарылуда.

Сондай-ақ білім алушылардың экология-биологиялық бағытындағы білімдерін тәжірибемен ұштастыру, жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесін танып білу, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында құрылған «Тірі табиғат мүйісі» бұрышы жұмыс жасауда.

Экология, өлкетану және туризм орталығының тағы бір бағыты экология-биологиялық бағыттағы әдістемелік жұмыстар болып табылады.

Мекемеде жүргізілген әдістемелік жұмыстардың нәтижесінде әрбір оқу жылында педагогтер бірқатар тақырыптарда әдістемелік нұсқаулықтар мен көмекші оқу құралдарын дайындап, баспадан шығару жұмыстарын жүргізді.

Сондай-ақ, балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын қосымша білім беру ұйымы өз қызметінде Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнаманы, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларды, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының жарғысын, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып өз қызметін атқарады. Сонымен бірге балалардың бос уақытын мазмұнды етіп ұйымдастыру, жеке тұлғаны қалыптастыру, кәсіби бағдар беру,

адамгершілік, салауатты өмір салты, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру сияқты міндеттерін атқаруда.

Бүгінде, мекемеде тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жұмыс жүргізуде:

1. Рухани-адамгершілік тәрбие;
2. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасы тәрбиесі;
5. Еңбек, экономика, және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Сонымен бірге мекеме үйірмелері арасында үйірме жұмыстарының қолөнер туындыларына арналған жылдық көрме ұйымдастырылып өткізіледі. Көрмеге қолөнер туындылары, панно, аппликациялар, гүл шоғырларының жиынтықтары, моншақтан тізілген жұмыстар, дәрілік және кептірілген өсімдіктер, ағаштан жасалған заттар, қалдық заттардан жасалған бұйымдар қойылады.

Мектеп оқушыларының жазғы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру, дене еңбегіне баулу арқылы қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу мақсатында мекеме базасында экологиялық іс-тәжірибе жұмыстары қала мектептерімен ұйымдастырылып өткізіледі.

Сондай-ақ мекеменің тарихымен таныстыру мақсатында мекеме аумағына экскурсия жүргізіледі. Экскурсия барысында тірі табиғат мүйісіндегі жануарлардың және құстардың тыныс-тіршілігімен, мекеме аумағында өсетін өсімдіктер түрлерімен таныстырылады. Экологиялық білімді тәжірибемен ұштастыру мақсатында өсімдіктердің бір қатар түрлерін жинау, кептіру әдістерін үйреніп, гербарий жасау жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар оқушылар тәжірибелік жер теліміндегі көкөністердің түбін қопсыту, суғару жұмыстарымен айналысты.

Үздіксіз экологиялық білім беру үрдісінің міндеттерін шешу жаңашыл педагогті біліктілікті арттыру жүйесі, біліктілікті арттыру институттары арқылы арнайы даярлаусыз мүмкін емес. Бүгін біліктілікті арттырудың және кадрларды қайта даярлаудың өңірлік институттары қосымша білім беру жүйесінде жұмыс істейтін жоғары білікті педагог-биологтарды, географтарды, экологтарды шығаруға бағдарланған.

1. ЭКОЛОГИЯ, ӨЛКЕТАНУ ЖӘНЕ ТУРИЗМ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ 65 ЖЫЛ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

2019 жылдың 15 қарашасында Экологиялық орталығына 65 жыл толды. Оңтүстік Қазақстан облысының білім, жастар саясаты және тілдерді дамыту басқармасының «Экология орталық» МКҚК 1954 жылы Шымкент қаласында Жас натуралистер станциясы болып іргетасы қаланды. Ол уақытта станция балансында 15 га оқу-тәжірибе учаскісі бар подхоз ұйымдастырылған еді. Онда алма бағы, көкөніс дақылдары және жүзім өсірумен айналысқан. Сондай-ақ жеміс ағаштарының тәлім бағында көшеттер өсірілген. Сол жылдары белсенді үйірме мүшелерін Москва қаласындағы Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне, Кеңес Одағының үлкен қалаларына экскурсияларға жіберу арқылы ынталандырылып отырған. Станцияның бірінші басшысы болып Ю.В. тағайындалды.



Облыстық жас натуралистер станциясы 1999 жылдың сәуір айынан бастап Облыс әкімінің № 97 шешіміне сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының «Экологиялық білім беру орталығы» болып өзгерді.



«Экологиялық білім беру орталығы» 2005 жылдың қаңтар айынан бастап Шымкент қаласы әкімдігі білім беру бөлімінің қарамағына өтті.

2011 жылдың қаңтар айында облыс әкімінің шешімімен Облыстық білім басқармасының **«Экологиялық орталық» мемлекеттік қазыналық коммуналдық мекемесі** болып Оңтүстік Қазақстан облыстық білім басқармасының қарамағына өтті.

2018 жылдың маусымында Түркістан облыстық білім басқармасының **«Экологиялық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі** болып қайта құрылды.

2018 жылдың қыркүйек айында **«Экологиялық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі** Шымкент қаласы білім басқармасының қарамағына ауыстырылды.

1954 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі мекемені басқарған басшылар:

1954-1961ж.ж. Югай Ю.В.

1961-1965ж.ж. Нормухамедов Н.С.

1965-1983ж.ж. Курганбаев К.К.

1983-1985ж.ж. Полякова Н.И.

1985-1996ж.ж. Ким О.И.

1996-2007ж.ж. Искакова С.А.

2007-2014ж.ж. Ахметов М.Б.



2014 жылдың мамыр айынан бастап **«Экологиялық орталығы» КММ** басшы қызметін Камытбекова Улжан Жайлауовна атқарып келеді.

2020 жылдың ақпан айынан бастап мекеме атауы **«Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ** болып өзгерді.

Мекеменің негізгі қызметі жастардың арасында экологиялық ақпарат тарату, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешуде үлкен ағартушылық үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу және қала мектептерінде ашылған эоклубтардың жұмыстарын нығайтып, аулаларды, көше бойларын тазалау, көгалдандыру жұмыстарын жүргізу, өлкетану,

туризм бағыттары бойынша экскурсиялар, танымжорықтар жүргізуге бағытталған.

1.1. Мекеменің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: баланың бейімділігі, қызығушылығы мен мүмкіндіктеріне қарай оны көп қырлы тұлға етіп дамыту мен қалыптастыру үшін экологиялық орталықтың бірыңғай тәрбие-білімділік кеңістігін құру.

Міндеттері:

1. Білім мекемелерімен бірлесіп өскелең ұрпаққа үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру жұмыстарын одан әрі жетілдіру;
2. Шымкент қаласы білім беру мекемелерінде оқитын оқушылар үшін экологиялық-биологиялық бағытындағы көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру және дамыту;
3. Жаратылыстану-ғылыми бағыттағы білім мен экологиялық мәдениеттілікті қалыптастыруды іске асыруда білім ұйымдары мен педагогтеріне әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсету;
4. Экологиялық орталығының материалдық-техникалық базаны дамыту және жаңарту арқылы қосымша білім мен тәрбие беру сапасын арттыру;
5. Орталық қызметінің бағыты бойынша педагогтерінің кәсіби шеберлігін арттыру;
6. Қосымша білім бағдарламаларының мазмұнын жаңарту мен авторлық бағдарламалар жазуда әдістемелік көмек көрсету;
7. Білім алушылар мен ата-аналардың танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып, білім процесін ұйымдастыру;
8. Білім алушылардың шығармашылық қабілеттері мен қызығушылықтарының дамуына жағдай жасау және олардың әлеуметтік бейімделуіне жәрдемдесу;
9. Балаларды экологиялық мәдениетке тәрбиелеу, алған экологиялық білімін тәжірибеде қолдану;
10. Демалыс кезеңдеріндегі білім алушылардың сауықтырылуын ұйымдастыру (бейінді экологиялық лагері, күндізгі лагерь, экспедициялар, табиғатқа экскурсиялар, сауықтыру және түрлі үлгідегі жорықтар т.б.);
11. Экологиялық-биологиялық білім мен қоршаған ортаны оқып, тану сұрақтары бойынша университеттер, ғылыми-зерттеу институттары, табиғат қорғау мекемелерімен бірлескен жұмысты ұйымдастыру.

1.2. Қосымша білім берудің басым бағыттары және ерекшеліктері

Қазіргі білім беру саясатында адами капитал құндылықтары алдыңғы қатарға қойылып отыр. Бала әсер етуші тәрбие объектісі болуы керек. Балаларға қосымша білім беру оқыту, тәрбие беру және дамытуға арналған әлеуметтік институт болып табылады. Басты ерекшеліктерінің бірі баланың шығармашылық іс-әрекеті алдыңғы қатарда болуында. ҚББ ұйымдарының бала тәрбиесіндегі ерекшеліктері төмендегідей:

- өзін-өзі тану сезімталдығын, «Мен», «Менің мақсатым» бейнелерін қалыптастырады. Білім алу барысында білім алушы кәсіби бағдарға негізделген үдерісте өзін-өзі танып, болашақ даму бағытын анықтай алады;
- қосымша білім берудегі бағыттар (экология-биология, туризм, өлкетану, экскурсия) баланың қажеттіліктерін қанағаттандыра алады;
- іс-әрекет түрін таңдаудағы еркіндік әлеуметтік маңыздылық сезімін береді, зияткерлік, жеке тұлғалық, әлеуметтік тұрғыда іс-әрекеттерін таңдауда еркіндік қалыптастырады;
- бір мақсатқа ұмтылушылар арасындағы қарым-қатынас оңды әсер береді, өзара түсінушілік, ынтымақтастыққа негізделген орта алдымен өзін жеке тұлға ретінде танып, кейін кәсіби бағдарының анықталуына жағдай жасайды.

Алдымен жеке тұлғаның шығармашылық дамуы басты назарда болады, ал оқу үдерісі дамуын қамтамасыз етеді. Қосымша білім беру жеке және ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттерін еркін таңдауда білім алушыға көп тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Білім беруге тапсырыс берушілер мен тұтынушылар арасында тығыз байланысты жүзеге асыратын әлеуметтік сфера болып табылады.

Білім берудің бұл түрі білім алушылардың қабілеттері мен қызығушылығын, азаматтық және адамгершілік қасиеттерін дамытады, өмірлік және кәсіби анықталуын қамтамасыз етеді. Қосымша білім берудің маңызды міндеттерінің бірі дарынды (талантты) балалармен жұмыс істеу.

Ашық, мобильді жүйе баланың, отбасының, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне тез бейімделеді. Жүйенің басымдылық құндылықтары:

- білім беру үдерісінің жариялығы;
- білім алушылардың шығармашылықтарын қолдау;
- салауатты өмір салтын насихаттау;
- экологиялық сауаттылық пен мәдениеттілікті қалыптастыру;
- туған өлкенің тарихи мен мәдени мұрасын құрметтеу;
- жеке тұлғаның өзіндік дамуы;
- педагогикалық шығармашылыққа жағдай жасау;
- қосымша білім берудің ашықтығы;

- жаңа қосымша білім беру бағдарламаларын жасау;
- қосымша білім беруді ғылыми-әдістемелік қамсыздандыру;
- жаңа технологияларды енгізу арқылы қосымша білім беруді дамыту.

Қосымша білім беру төмендегідей кешенді мәселелерді шеше алады:

- білім алушының дамуына алғы шарттар жасау;
- білім алушының дамуына бастапқы мүмкіндіктер беру;
- қосымша білім алуда өзінің даму траекториясын таңдау;
- әрбір білім алушыға «табыс жағдайын» туғызу;
- білім алушы мен педагогтың арасында ынтымақтастық орнату.

Педагог пен білім алушының арасындағы ынтымақтастық өзіндік даму мен қабілеттерін жетілдіруге қажеттіліктің туындауына жаңа серпін береді. Тағы бір ерекшелігі танымдық іс-әрекеттерді көңіл көтерумен ұштастыруда болып отыр. Демалыс, көңіл көтеру, мерекелер, жарыстар, өз білімін жетілдіру, шығармашылық дивертисменттік мінез-құлықтың пайда болуына жол бермейді. Қосымша білім беру өзіндік педагогикалық технологияларымен тек мектептегі білім беруді толықтырып қоймайды, қосымша білім беру саласында жаңа орта қалыптастырады.

Әлеуметтік-кіріктірілген, тәжірибеге бағытталған технологиялар дифференциацияланған, жеке тұлғаға бағытталған қосымша білім беру бағдарламаларын құруға жағдай жасайды. Білім алушы шығармашылықта, қызығушылығын жүзеге асыруда өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сәйкес білім көлемі мен оны алу қарқынын өзі таңдай алады. Қосымша білім беру мазмұны стандартталмаған, оны әртүрлі жағдайларға байланысты қажеттіліктерге қарай тереңдете, кеңейте аламыз.

Экология, өлкетану шығармашылық білім беру саласындағы маңызды бағыттардың бірі. Ол білім алушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына, дамуына, жаңа бағыт береді. Экология, өлкетану шығармашылық жүйесі жаңашылдыққа құмар, құрастырушылық құзыреттері дамыған болашақ эколог және өлкетанушы кадрларды тәрбиелеуге жағдай жасайды. Зерттеушілік, экологиялық ғылым негіздерінің мектебі болып табылады. Экология, өлкетану шығармашылық бағытындағы үйірмелер елімізге қажетті табиғатты, қоршаған ортаны қорғау саласында (эколог, өлкетанушы, табиғат қорғаушы, т.б.) қажетті мамандықтарды таңдауға орасан зор үлес қосады.

2. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ



Мекеменің атауы	Шымкент қаласы білім басқармасының «Экология, өлкетану және туризм орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Мекеменің мекен-жайы:	160008 Шымкент қаласы, Елшібек батыр көшесі 110/2
Телефоны:	57-11-55, 57-08-32
Электрондық пошта	vesna_eko@mail.ru
Web-сайт	eco-center.kz
Банк деректері:	БСН 9910400019566 ЖСК KZ8992608015R0588000, БСК KZKOKZKX
Тіркеу куәлігі	02 шілде 2018 жыл
Лицензия	№00336046
Директор	Камытбекова Улжан Жайлауовна
Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Исмаилова Жупар Исабековна жұмыс тел: 8702-307-12-19

Әдістемелік бөлім меңгерушісі	Таштанұлы Жәнібек
Ұйымдастыру бөлім меңгерушісі	Керімбеков Мухтар Капанович
Барлық үйірмелер саны	19 үйірме, 74 топ
2019-2020 оқу жылы бойынша қамтылған оқушылар саны	727



«Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ директоры – **Камытбекова Улжан Жайлауовна**

29.05.1976 жылы Шымкент қаласында дүниеге келген.

Бітірген оқу орны, мамандығы:

1) Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ, биология пәнінің оқытушысы мамандығы бойынша бітірген (1993-1997 ж.ж.),

2) Қазақстан халықтар Достығы университеті экономика мамандығын бітірген (2006-2011 ж.ж.)

Жұмыс тәжірибесі: 1997-2003 жж. Шымкент

қаласының №40 мектеп-гимназиясында биология, химия, валеология, экономика пәндері бойынша мұғалімі.

2003-2005 жж. «Шымкент медициналық колледжі» МКҚК оқытушы.

2005-2008 жж. Шымкент қаласы, «Авиценна» медициналық колледжі директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

2008-2014 жж. «Сайрам» колледжінің директоры қызметтерін атқарған.

2014 жылдан бастап қазірге дейін ОҚО білім басқармасының «Экологиялық орталық» МКҚК, 2018 жылдан Шымкент қаласы білім басқармасының «Экологиялық орталығы» КММ директоры қызметін атқаруда.

Марапаттары:

- 2014ж. **Алғыс хат**, Облыстық білім басқармасы;
- 2015ж. «Бес институционалдық реформа – ел дамуының кепілі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның **Сертификаты**;
- 2015ж. **Құрмет грамотасы**, Облыстық кәсіподақ комитеті;
- 2016ж. **Алғыс хат**, ҚР Білім және ғылым министрлігі РҚББОӘО;
- 2016ж. **Құрмет грамотасы**, ОҚО білім басқармасы;
- 2016ж. **Алғыс хат**, «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ;
- 2016ж. **Алғыс хат**, «Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы» РММ;
- 2016ж. **Құрмет грамотасы** Шымкент қаласының білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті;
- 2017ж. «Білім беру» саласында «Елеулі еңбегі үшін» «Б.Алтынсарин» медалімен марапатталды. **Сертификат**;
- 2017ж. «Елеулі еңбегі үшін» «Б.Алтынсарин» төсбелгісі, **Куәлік №0177**;
- 2017ж. **Алғыс хат**, Шымкент зообағы;
- 2017ж. **Алғыс хат**, ОҚО білім басқармасы;
- 2017ж. **Алғыс хат**, М.Әуезов атындағы ОҚМУ;
- 2017ж. **Алғыс хат**, Республикалық «Ұстаз жолы» қоғамдық қоры;
- 2017ж. **Благодарность**, «Инфоурок» халықаралық интернет байқауы;
- 2017ж. **Құрмет грамотасы**, ОҚО кәсіподақтар орталығы;
- 2017ж. **Алғыс хат**, ОҚО бойынша экология департаменті;
- 2018ж. «Білім беру мазмұнын жаңарту аясында педагогикалық тәсілдерді қолдану мен оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау» «Өрлеу» БАҰО» АҚ **Куәлік №070399**;
- 2018ж. ҚР Энергетика министрлігінің **Төсбелгісі, куәлік №726**;
- 2018ж. **Грамота**, Алматы қ. табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы;
- 2018ж. **Алғыс хат**, ОҚО білім басқармасы;
- 2018ж. **Алғыс хат**, Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы Шымкент қалалық комитеті;
- 2018ж. **Алғыс хат**, Сайрам-Өгем мемлекеттік табиғи паркі;

- 2018ж. **Алғыс хат**, ҚР Энергетика министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау комитетінің ОҚО бойынша экология департаменті;
- 2018ж. **Алғыс хат**, Қазыбек би атындағы №36 жом;
- 2018ж. **Алғыс хат**, ОҚО Төлеби ауданының әкімі;
- 2018ж. **Алғыс**, ҚР Білім және ғылым министрлігі;
- 2019ж. **Құрмет грамотасы**, ҚР Білім және ғылым министрлігі;
- 2019ж. **Алғыс хат**, Ә.Бөкейханов атындағы №2 ЖОББМ;
- 2019ж. **Алғыс хат**, Шымкент қаласының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы;
- 2019ж. **Құрмет грамотасы**, ҚР Білім және ғылым министрлігі;
- 2019ж. **Құрмет грамотасы**, Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы (Нұр-Сұлтан қаласы);
- 2019ж. **Құрмет грамотасы**, ҚР Кәсіподақтар Федерациясы «Шымкент қаласының кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігі;
- 2019ж. **Алғыс хат**, Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты «Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған «Үміт» мектеп-интернаты» КММ;
- 2019ж. **Алғыс хат**, Шымкент қаласы білім басқармасы;
- 2019ж. **Құттықтаулар**, А. Асқаров атындағы Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағы, Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы, Қазақстан Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясының Түркістан облысы мен Шымкент қаласының өңірлік өкілділігі, Балалар көркемсурет мектебі – ЮНЕСКО Клубы, №2 балалар саз мектебі

Жарияланған әдістемелік жұмыстары:

- 2014ж. «Алпыс жылдың асқарында» тақырыбындағы көмекші оқу кұралы;
- 2015ж. «Студенттердің құзыреттілігін бағалау түрлері» мақала ОҚМПИ ғылыми-педагогикалық журналы №3(5);
- 2015ж. «Экологиялық білім мен тәрбие» тақырыбындағы әдістемелік кұралы;
- 2016ж. «Қосымша білім беру мекемесінде кәсіптік білімге бейімдеу» мақаласы, Білім берудегі инновация мен тәжірибе – уақыт талабы II Республикалық педагогикалық оқулары облыстық кезеңінің материалдары;
- 2016ж. «ОҚО өсірілетін қаракөл қой тұқымының экологиялық тиіптерінің тірі салмағының динамикасы» мақаласы, ОҚМПИ «Үш тұғырлы тіл - бәсекеге қабілетті ұлт болудың негізгі сатысы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары;

– 2017ж. «Өсімдіктерде кездесетін ауруларды және індеттенген өсімдіктердегі физиологиялық өзгерістерді зерттеу» мақаласы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ХАБАРШЫ №4 (119);

– 2019 ж. «Әлемді көркейтейік» тақырыбындағы көмекші оқу құралы.

«Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ қызметінің бағыттары:

1. Оқыту мен оқу үрдісі;
2. Ғылыми-әдістемелік қызметі;
3. Тәрбие жұмысы;
4. Әлеуметтік-психологиялық қызмет;
5. Ата –анамен жұмыс;
6. Әлеуметтік және кәсіби серіктестік

2019-2020 оқу жылында 19 үйірмелік бірлестік қызмет атқаруда: «Жасыл әлем», «Экология және денсаулық», «Экореporter», «Жас бағбан», «Жасыл дәріхана», «Шебер қолдар», «Біз және гүлдер», «Жас флорист», «Юные экологи», «Экология и человек», «Гүлдер әлемі», «Жас желкен», «Жануарлар әлемі», «Эрудит», «Табиғат қорғаушылар», «Жас натуралист», «Экотеатр», «Жас өлкетанушы», «Жас экскурсовод».


2.1. Қалалық және облыстық экология-биологиялық ұйымдарымен бірлесіп жұмыс істеудегі ынтымақтастығы

Мекеме экология-биологиялық, өлкетану және туризм бағыттарында қаламыздағы 52 мектептермен келісім-шарт негізінде бірлесіп жұмыс атқаруда. Сонымен бірге төменде көрсетілген мекемелермен, қаламыздағы бірқатар жоғарғы оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарымен келісім шарт негізінде төмендегі оқу-орындарының студенттерін өндірістік іс-тәжірибеден өткізеді.

Экология, өлкетану және туризм бағыттары бойынша білім берудің мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ үздіксіз экология-биологиялық тәжірибеге бағдарланған білім беру жүйесін, ғылыми-әдістемелік қолдау жүйесін, орта білім беру мекемелерінің қызметін үйлестіру жүйесін қалыптастырудың мемлекеттік саясатын жүзеге асырады. Өңірлік қоршаған ортаны қорғау басқармасы, Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасымен бірге экология, өлкетану және туризм бағыттары бойынша білім беру мен тәрбиелеудегі сапалы білім беруге, әдістемелік, ғылыми және ақпараттық сүйемелдеу үшін, экологиялық және әдістемелік қызметтерді басқару, білім алушылар мен қоғамдық ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді. Келешекте білім алушыларға қосымша білім беру мен тәрбие беруде инновациялық оқу бағдарламаларын дайындап, балалар мен

жасөспірімдердің эко-туризмге қызығушылығын одан әрі арттыру мақсатында іс-шараларды қалалық білім беру мекемелерінде ұйымдастырады.

**«Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ
бірлесіп жұмыс атқаратын
мекемелелер**



3. ОҚУ-ТӘРБИЕЛІК ЖҰМЫС

3.1. ҮЗДІКСІЗ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Экология, өлкетану және туризм орталығының оқу-тәрбиелік қызметі үйірме сабақтары, экологиялық-биологиялық мазмұндағы алуан түрлі іс-шаралар түрінде, сондай-ақ экскурсиялық, экспедициялық жұмыс жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Үйірмелік бірлестіктердің оқу сабақтары «Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ бөлмелерінде, оқу кабинетерінде өткізіледі. Сабақтардың бір бөлігі оқу топтары қалыптасқан қала мектептерінде жүргізіледі.

3.2. Экология, өлкетану және туризм орталығының кадрлық құрамы

«Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ-де білім беру қызметін 33 педагог қызметкер жүзеге асыруда.

Педагог қызметкерлердің барлығы жоғары педагогикалық білімді. Жоғары санаттағылар – 9, бірінші санаттағылар – 2, екінші санаттағылар – 7.

Педагог қызметкерлердің сапалық құрамы

Негізгі қызметкерлер	Біліктілік санаты				Жұмыс өтілі			
	жоғары	I	II	Санаты жоқ	1-ден 5 жылға дейін	5-тен 10 жылға дейін	10-нан 20 жылға дейін	20 жыл және одан жоғары
29	8	3	9	8	10	8	9	2
2016-17	27,5%	10%	31%	27,5%	34,4%	27,5%	31%	6,9%
35	7	2	8	18	20	7	6	2
2017-18	20%	5,7%	23%	51,4%	57,1%	20%	17,1%	5,8%
33	9	2	7	15	13	8	7	5
2018-19	27%	6%	21%	52%	39,4%	24,2%	21,2%	15%

Мекеменің педагогикалық құрамы жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін маңызды құрамдас қорының бірі болып табылады. Оқу жылы барысында педагог қызметкерлердің шығармашылық өсуіне, кәсіби шеберліктерін арттыруға және еңбек сапасына қолайлы жағдайлар жасалуда.

3.3. Педагог қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстары

2018 жылғы 13 қараша күні қосымша білім беру педагогы Ғ.Мустафина Отырар телеарнасында «Таңғы кездесу», 2018 жылғы 14 желтоқсан күні қосымша білім беру педагогі Э.Мельницкая Отырар телеарнасында «Қайырлы таң», 2018 жылғы 20 желтоқсан күні директордың орынбасары Ж.Исмаилова «Таңғы кездесу», 2019 жылғы 14 мамырда қосымша білім беру педагогі Э.Мельницкая Отырар телеарнасында «Студия қонағы» бағдарламаларында тікелей эфирде сұхбат берді.

2019 жылғы ақпан, наурыз айыларында Отырар телеарнасының «Ата-анасыз бір сағат» телебағдарламасында үйірме білім алушылары «Бөлме гүлдерінің қысқы тіршілігі», «Тірі табиғат мүйісіндегі жануарлар» және «Құстарға қамқорлық» тақырыптарында сұхбаттар берді.

Өңірлік әлеуметтік – инновациялық университетінің Білім беру бағдарламасының сараптау эксперттер құрамына мекеме директоры У.Ж.Камытбекова қатысты. 2019 жылдың 18-21 қыркүйек аралығында Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қатаркөл селосы, «Звездный» лагерінде өткен Республикалық үйлестіру кеңесіне әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Ж.Таштанұлы қатысты. 2019 жылдың 21-22 қараша күндері Түркістан жоғары Аграрлық колледжінде өткізілген «Түркістан облысындағы әрекет етуші пилоттық алаңдарда энергия тиімді технологияларды ендіру және фокустық топтарды оқыту» жобасын жүзеге асыру кезеңдері тақырыбындағы дөңгелек үстелге мекеме директоры У.Ж.Камытбекова қатысты. 2019 жылдың 6 желтоқсан күні Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық университетінде өткізілген «Future Energy» тақырыбындағы ағылшын тіліндегі ашық сабаққа А.Н.Алданова, М.К.Балыкбаева, Г.К.Мустафина, У.К.Ақбергеновалар қатысып, өзара тәжірибе алмасты.

Білім алушылардың экологиялық-биологиялық бағытындағы білімдерін тәжірибемен ұштастыру, жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесін танып білу, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында құрылған «Тірі табиғат мүйісі» бұрышы жұмыс жасауда.

«Тірі табиғат мүйісі» бұрышында бөлме гүлдерінің - 30 түрі, жануарлардың 20 түрі - былқылдақденелілер, буынаяқтылар, балықтар, қосмекенділер, бауымен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер бар.







3.4. Үйірмелік бірлестіктердің оқу қызметі

Мекемеде 19 бағыттағы жалпы дамыту қосымша білім беру бағдарламалары іске асырылуда. Оның ішінде түрлендірілген – 15, бейімделген – 4.

Жалпы үйірмелер саны – 19, білім алушылар саны – 727. Үйірме топтарының саны – 74. Үйірме топтарына жалпы білім беретін мектептер мен «Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған «Үміт» мектеп-интернаты» КММ оқушылары қамтылған.

Үйірмелік бірлестіктердің елеулі бөлігі жаратылыстану бағыты пәндерін өңірлік компонентті қолдана отырып, кеңейтілуі мен тереңдетуін және зерттеу-эксперименттік қызметке шығуын қарастырады. Бұл «Жасыл әлем», «Экология және денсаулық», «Экология және адам», Жас эколог», «Гүлдер әлемі» «Біз және гүлдер» сияқты үйірмелік бірлестіктерге қатысты.

Үйірмелік бірлестіктің біраз бөлігі кешендік экология, өлкетану шығармашылық бағытқа ие: «Табиғат қорғаушылар», «Жас натуралист», «Жас өлкетанушы», «Жас экскурсовод».

Шымкент қаласы білім басқармасының «Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ үздіксіз экологиялық білім берудің мемлекеттік тұжырымдамасын жүзеге асырудың негізгі буыны болып табылады. Осыған орай, алуан түрлі деңгейдегі білім беру мекемелерімен өзара табысты әрекеттесу жүзеге асырылуда.

Білім алушылардың жас аралығы 7-14 жас құрайды. Үйірмелердегі сабақ қазақ және орыс тілдерінде жүргізілуде. Білім алушылардың контингенті тұрақты түрде сақталуда кестеде көрсетілген:

Білім алушылар контингенті

<i>Білім алушылар контингенті</i>											
<i>Оқу жылы</i>	Үйірмелер саны	Жалпы білім алушылар саны	Орталықтағы білім алушылар			Оқу базасы (қала мектептері)			Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар		
			<i>саны</i>	<i>ұл</i>	<i>қыз</i>	<i>саны</i>	<i>ұл</i>	<i>қыз</i>	<i>саны</i>	<i>ұл</i>	<i>қыз</i>
2017/18	18	631	333	155	178	216	62	144	82	42	40
2018/19	18	670	256	121	135	327	158	169	87	40	47
2019/20	19	727	298	125	173	372	127	245	57	31	26

Білім алушылардың контингенті әр түрлі жас топтарын қамтиды төмендегі кестеде көрсетілген:

Білім алушылардың жас ерекшелігі

<i>№</i>	<i>Жасы</i>	<i>Қамтылған білім алушылар саны</i>		
		2017-2018	2018-2019	2019-2020
	7-9	418	231	158
	10-12	208	350	533
	13-15	5	89	36

«Экология, өлкетану және туризм орталығының» білім беру жұмысы әр түрлі санаттағы балаларға жеткілікті түрде қол жетімділік ұстанымы негізінде құрылады, төмендегі кестеде көрсетілген:

Білім алушылардың әлеуметтік жағдайы

Түрлі санаттағы оқушылар	2017/18	2018/19	2019/20
ЖҰҚ есебінде тұратындар	-	-	-
Толық отбасы	284	312	443
Толық емес отбасы	72	84	115
Жетім балалар	22	21	-
Әлеуметтік көмек қажет ететін балалар	23	-	41
Көпбалалы отбасы	147	166	128
Мүмкіндігі шектеулі балалар	83	87	57
Барлығы	631	670	727

Оқу жылында білім бағдарламалары мен оқу тақырыптық жоспарлардың іске асырылуы мен білім алушылардың білімге деген көзқарасын ынталандыру мақсатында педагогикалық бақылау жұмыстары жүргізілді. Білім алушылардың білім деңгейін анықтау мақсатында кіріс, аралық, қорытынды тест жұмыстары жүргізіліп отырады.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында оқу жоспарымен және үйірмелік бірлестіктердің бағдарламаларымен практикалық сабақтардың көп бөлігі қарастырылған.

Қатысқан сабақтарға жасалған анализ бойынша «Экология және денсаулық» үйірме бірлестігінің жетекшісі А.Н.Адилова «Дені сауың – жаны сау» тақырыбындағы сабағында білім алушыларға физикалық, әлеуметтік және психологиялық сауықтыру үшін жағдай жасау, денсаулығын қорғауды кеңейту проблемалық мәселелерді түсіндіру және талқылау әдістемесінде білімін сенімді көрсете білген. Ол, сонымен қатар, дамытушы практикалық тапсырмалардың міндетті компоненті ретінде балалармен жаппай және жекелей жұмыс жасауды байланыстыра білді. Сол сияқты, педагог балалардың ойлау логикасын дамытатын тапсырмаларды шебер қолданған.



«Дені саудың-жаны сау» тақырыбындағы сабақ
«Экология және денсаулық» үйірмесінің жетекшісі Адилова А.Н.

«Жануарлар әлемі» үйірме бірлестігінің жетекшісі А.У. Тусеева болса, білім алушылардың мекемедегі тірі табиғат бұрышындағы жануарлар түрлерімен қоректену және көбею жолдарын, олардың күнделікті тыныс-тіршілігімен етене таныстыра білген, және жануарлар дүниесіне қамқорлық жасауға қызығушылығын арттыратын білікті әдістемесімен бөлісті. Аталған сабақта

А.Тусеева тақырып бойынша ұсынылатын мәліметтерін түсіндіру үшін электронды құралдардың көмегімен презентация слайдар және бейнефильмдерді әзірлеп, оны өте ұтымды қолданған.



«Біз құстарды қорғаймыз» тақырыбындағы сабақ.
«Жануарлар әлемі» үйірмесінің жетекшісі Тусеева А.У.

«Жасыл дәріхана» үйірме бірлестігінің жетекшісі Ұ.Қ. Ақбергенова сабағында, білім алушыларға дәрілік өсімдіктердің түрлері, құрылысы, олардың емдік қасиеттері туралы толық мағлұмат бере отырып, оларды күнделікті тұрмыста пайдалана білуді және өз ауласына мәдени және емдік қасиеті бар өсімдіктерді өсіріп, күтіп баптау жұмыстарын жүргізуге қызығушылығын арттыра білген педагог ұстаз.



«Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдіктер» тақырыбындағы сабақ.
«Жасыл дәріхана» үйірме жетекшісі Ақбергенова Ұ.Қ.



«Оңтүстік өлкесінің экологиялық жағдайы» тақырыбындағы сабақ.
«Жас өлкетанушы» үйірмесінің жетекшісі Балықбаева М.К.

«Жас өлкетанушы» үйірмесінің жетекшісі М.К. Балықбаева өз сабағында білім алушыларға туған өлке туралы білімін тереңдетуде, туған өлке арқылы еліміздегі рухани байлығымызды білуге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуде, қоршаған әлемді кең көлемде таныту әдістемесінде өз білімін сенімді көрсете білген Сонымен қатар, туристік-өлкетанушылық жұмыстың негізінде іздену, күресу, өткенге деген қызығушылық, білім алушының дүниетанымын кеңейтіп, танымдық қызығушылықтарын дамыту, шығармашылық іс-әрекетке тарту, іс-тәжірибелік және зияткерлік іскерліктерді қалыптастыруда білім алушылармен жаппай және жекелей жұмыс жасауды үйлестіре білген.

Г.Н. Мұсаева «Шебер қолдар» үйірме бірлестігінің жетекшісі «Қолөнер жұмыстарының түрлері» тақырыбындағы сабағында білім алушыларды қолөнер түрлерін оқып-үйренуге баулу арқылы олардың өздігінен үйреніп, жұмыс істеуіне, шеберлік деңгейін арттырып, ынта-ықыласын молайтуға, әсемдік пен сұлулықты танып, бағалай білуге үйретуде өз мамандығының шебері екендігін танытты. Қолөнер

бұйымдарын жасау технологиясының қыр-сырын үйретуге және эстетикалық қабылдауды дұрыс дамытуға ұмтылған шебер педагог.



«Қолөнер жұмыстарының түрлері»
тақырыбындағы сабақ.
«Шебер қолдар» үйірмесінің жетекшісі
Мұсаева Г.Н.

Ал «Жас флорист» үйірмесінің жетекшісі Г.К. Мустафина «Саусақ ұшындағы әлем» тақырыбындағы сабағында шығармашылық тұлғаны қалыптастыру, қоршаған ортаны таза ұстауға баулу, өсімдіктер әлемімен етене жақындастыру. Гүлпаздық, көгалдандырушы, гүл кеңесшісі, флорашы мамандықтарын меңгеру ерекшеліктерін білім алушыларға таныстыруда өз шеберлігін таныта білді.



«Саусақ ұшындағы әлем» тақырыбындағы сабақ.
Шебер қолдар үйірмесінің жетекшісі Мустафина Г.К.

Ал «Экология человека» үйірмесінің жетекшісі Э. Мельницкая «Жабайы табиғат экожүйесінің диорамасын құру» атты сабағында білім алушылар арасында экологиялық мәдениетті, қоршаған ортаға және табиғатқа құндылық қатынастар жүйесін дамытуды жалғастыру. Жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін қалыптастыру және дамыту үшін жағдай жасау, шығармашылық өзін-өзі көрсетуге қабілеттің арттыру.

Сонымен қатар білім алушыларға табиғи материалдан және қағаздан гүл шоқтары мен түрлі табиғи заттарды дайындау технологиясының қыр-сырын үйретуге. Эстетикалық ойлау, көзбен көру қабілетін, қол шеберліктерін дұрыс ұйымдастыруға ұмтылған, өз мамандығының қас шебері екендігін көрсете білді.



«Жабайы табиғат экожүйесінің диорамасын құру» тақырыбындағы сабақ.
«Экология человека» үйірмесінің жетекшісі Мельницкая Э.Ю.

Ал, З.Р. Таубаева «Гүлдер әлемі» үйірмесінің жетекшісі «Ғажайып гүлдер» тақырыбындағы сабағында үйірме білім алушыларын жалпы гүлдердің түрлерімен таныстыру, гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу. Сөздік қорын молайту, ойлау сезімдерін дамыту. Сонымен қатар гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсете білуге, күтіп-баптау, сүйіспеншілікке тәрбиелеуде әрбір білім алушының жеке қабілетінің және қызығушылығының дамуына жағдай жасай отырып, гүлді өсімдіктердің адам өміріндегі маңызын ұғындыру арқылы үйлесімді экологиялық санасы қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеуде өз шеберлігімен білімділігін көрсете білген ұстаз.



«Ғажайып гүлдер» тақырыбындағы шеберлік сабақ.
Жетекшісі Таубаева З.Р.

Ал «Эрудит» үйірмесі бірлестігінің жетекшісі Таскетбаева Шолпан өз

сабағында білім алушылардың экология пәніне қызығушылықтарын оята отырып, табиғатқа деген көзқарастарын жан-жақты кеңейту, туған атамекеннің қызықты да күрделі экологиялық жағдайын меңгертуде. Танымдық, дидактикалық, логикалық ойындар арқылы экологиялық білімдерін дамыту және белсенді интеллектуалды тұлға тәрбиелеуде өзінің білікті әдістемесімен бөлісті.



*«Бізді қоршаған табиғат» тақырыбындағы сабақ.
«Эрудит» үйірмесінің жетекшісі Таскетбаева Ш.*

«Экотеатр» үйірмесінің жетекшісі А.Н. Алданова «Абайды оқы, таңырқа!» тақырыбындағы сабағында үйірме білім алушыларына Ұлы ақын Абай шығармашылығын ата мұрамыз ретінде қабылдауға, жаңа буын жас ұрпаққа таныту, терең меңгертуде өзінің әдістемелік біліктілігін паш етті. Экологиялық білім мен тәрбие беруде білім алушылардың бойына табиғатқа деген ізгілік пен ұлттық әдеп-ғұрыптарды қалыптастыра отырып, сабақтан тыс уақытын тиімді пайдалануға, қоршаған ортаны танып білуге тәрбиелей білетін, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары педагог.



«Абайды оқы, таңырқа!» тақырыбындағы сабақ.
«Экотеатр» үйірмесінің жетекшісі Алданова А.Н.

Педагог-психолог А.М. Лауланбекова білім алушылардың үйірме сабақтарына психологиялық дайындығын анықтау, тұлғалық дамудағы өзгерістерін бақылау, жас ерекшелігіне сәйкес психологиялық көмек беру және білім алушы мен педагог арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында педагогикалық-психологиялық қызметін жүргізуде. Білім алушылардың жаңа ортаға бейімделуін және коррекциялау бойынша жұмыстар жүргізілуде.



Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай Шымкент қаласы салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының мамандарымен бірлесе отырып, үйірме білім алушылары арасында «Психикалық денсаулықты сақтау мен нығайту» тақырыбында іс-шаралар (викторина, дискуссия, тренинг) өткізілді. Ұстаздар күні мерекесі аясында орталығымыздың білім алушыларының қатысуымен «Ұстаз ұлы тұлға» тақырыбында тренинг сабағы өткізілді. Зияткерлік даму деңгейін анықтау мақсатында білім алушылар арасында ақыл-ой дамуының мектеп тесті (ШТУР) алынды: «Сөздер қатарын есте сақтау» әдістемесі бойынша білім алушылар өте белсене қатыса білді, әдістемедегі жұмыстар бойынша берілген тапсырмаларды жақсы орындады, «Ассоциативтік ес көлемін анықтау»

әдістемесі, «Интеллектуалдық икемделгіштікті» анықтау (Лабильділік) және т.б. әдістеме жүргізілуде.

4. ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТІ

Әдістемелік қызметтің басты буыны Экология, өлкетану және туризм орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесі – тұрақты әрекет ететін жобалық-кеңес беру, эксперттік-енгізу бірлестігі атқарады. Әдістемелік кеңестің басты қызметі «Экология, өлкетану және туризм орталығы» КММ үйірмелік бірлестіктерінің авторлық бағдарламалық материалдарының, әдістемелік ұсыныстарының және әзірлемелерінің, инновациялық жобаларының эксперттік бағалауы болып табылады.

Әдістемелік жұмыстың маңызды бағыты - сабақ, экскурсия және іс-шараларды өткізу бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

«Педагогтің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін білім сапасын арттыру құралы ретінде дамыту» тақырыбында жұмыс жүргізілуде. Бөлімнің жұмыс жоспары бойынша педагогтерге күнтізбелік тақырыптық, қосымша білім беру бағдарламасы мен өз білімін жетілдіру жұмысын жоспарлау, сабақ мақсаттарына сәйкес мазмұнын іріктеу, көрнекі-құралдар мен дидактикалық материалдарды әзірлеу, сабақ барысында қазіргі заманғы технологияларды пайдалана білуде әдістемелік көмектер көрсетілуде. Сонымен қатар педагогтерге әдістемелік көмек көрсету барысында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылып өткізіліп келеді.

Мекемеде жүргізілген әдістемелік жұмыстардың нәтижесінде әрбір оқу жылдары



Педагогтердің білімі мен біліктіліктерін арттыру мақсатында құрылған «Педагогикалық шеберлік мектебі», «Жас мамандар мектебі» мен бөлім отырыстары және әдістемелік кеңес жоспарға сәйкес ұйымдастырылып өткізіліп отырылады. Жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер оқу жылы барысында олардың тәжірибе жинақтап шеберліктерін шыңдауы үшін жеке-жеке жұмыс жүргізіп, қажетті көмектерін көрсетіп отырады. Жас мамандар тәлімгерлердің көмектесуі

нәтижесінде шеберліктерін шыңдап тәжірибе жинақтауда. Педагогикалық шеберлік мектебінде қосымша білім беру педагогтерінің жұмыс құжаттамалары, сабақты жоспарлау жолдары және педагогтің өз білімін жетілдіру жұмыстары бойынша шеберлік сыныптар, пікір алмасу, дөңгелек үстел отырыстары ұйымдастырылып өткізіледі.

Білім алушылардың ғылыми зерттеу жұмысын дамыту жоспары мен тақырыптары бекітілді. Қосымша білім беру педагогтері үйірме білім алушыларымен бірге төмендегідей зерттеу жұмыстарын жүргізуде:

- «Жасыл әлем» үйірмесі «Асқабақтың емдік қасиеттері»;
- «Жас эколог» үйірмесі «Қызанақтың өнімін арттыру жолдары»;
- «Жас бағбан» үйірмесі «Қиярдың адам денсаулығына пайдасы»;
- «Жасыл дәріхана» үйірмесі «Орталықтағы дәрілік өсімдіктер»;
- «Шебер қолдар» үйірмесі «Қоянқұлақ гүлінің маңыздылығы»;
- «Жас флорист» үйірмесі «Колонхое гүлін көбейту жолдарымен емдік қасиеттері»;
- «Гүлдер әлемі» үйірмесі «Бөлме гүлдерінің маңыздылығы мен өсіру жолдары»;
- «Экология человека» үйірмесі «Гидропоника как альтернативный метод посадки комнатных растений»;
- «Эрудит» үйірмесі «Асқабақтың дәрілік қасиеттері»;
- «Жануарлар әлемі» үйірмесі «Балықтардың түрлері мен өсіру жолдары»;
- «Жас натуралист» үйірмесі «Қызылшаның адам денсаулығына пайдасы»;
- «Экорепортер» үйірмесі «Бақша гүлдерін өсіру жолдары».

Білім алушылардың экологиялық ой санасын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және зерттеу жұмыстарына қолдау көрсету мақсатында «Білім алушылардың зерттеу жұмыстары» атты үйірме аралық байқаулар өткізіліп тұрады.

Айта кететін болсақ, «Жасыл әлем», «Жас бағбан», «Біз және гүлдер», «Гүлдер әлемі» «Эрудит», «Жануарлар әлемі», «Экология человека», «Жас натуралистер», «Шебер қолдар» үйірмелерінің білім алушылары қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

№	Жүлде дәрежесі	Білім алушының аты-жөні	Жетекшісі	Үйірмесі
1.	1-орын	А. Жеңісбек	З.Таубаева	Гүлдер әлемі
2.	2-орын	А.Суанова	Ш. Таскитбаева	«Эрудит»
3.	3-орын	Д.Рахымбай	А. Адилова	«Жасыл әлем»

Баспаға жарияланған материалдар

№	Аты-жөні	Мақаланың тақырыбы	Газет атауы	Шығарылған мерзімі	Шығарылған №
1	Ж. Исмаилова	И зеленый попугай	Панорама шымкента	22.08.2018ж	№66 (1605)
2	М. Цой	Другим городами	Панорама шымкента	15.08.2018ж	№64 (1603)
3	У. Камытбекова	Ждем вас юнаты!	Панорама шымкента	19.09.2018ж	№74 (1613)
4	М. Керимбеков	Қалалық жас экологтар слеті	Атамекен kz	16.10.2018ж	№20 (305)
5	У. Камытбекова	Дерево сажает один человек, а в его тени отдыхают тысячи людей	Южный казахстан	7.11.2018ж	№134 (20,068)
7	Ж. Исмаилова	Деревья станут большими	Панорама шымкента	9.11.2018ж	№89 (1628)
8	Ғ. Қасым	Табиғат әлемі балалар көзімен	Шымкент келбеті	12.12.2018ж	№98 (1637)
9	У. Камытбекова	Красота - в глазах смотрящего	Панорама шымкента	12.12.2018ж	№98 (1637)
10	М. Керимбеков	Менің планетам	Болашақ	8.12.2018ж	№45 (977)
11	У. Камытбекова	Приведи в порядок свою планету	Панорама шымкента	21.12.2018ж	№100-101 (1639-1640)
12	Ғ. Қасым	Табиғат әлемі балалар көзімен	Болашақ	21.12.2018ж	№47(979)
13	У. Камытбекова	Учит мудрая природа	Панорама шымкента	13.02.2019ж	№12 (1654)
14	А. Адилова	Планету спасут юннаты	Панорама шымкента	20.02.2019ж	№14 (1656)

15	А. Алданова	Табиғат тіршілік көзі	Болашақ	20.02.201 9ж	№07 (987)
16	Ғ. Мустафина	Көктем қарбалас	Оңтүстік рабат	13.03.201 9ж	№11 (403)
17	Ш. Таскетбаев а	Лицом к экологии	Панорама шымкента	20.03.201 9ж	№22 - №23 (1664- 1665)
18	М. Керимбеко в	Увидеть и статья патриотам	Панорама шымкента	5.04.2019 ж	№27 (1669)
19	Г. Мусаева	Ұл-қызымызға ұлттық ұғым	Шымкент келбеті	30.04.201 9ж	№34 (1676)
20	А. Гусеева	Құстар – біздің досымыз!	Болашақ	6.05.2019 ж	№17 (997)
21	Б. Асанбек	Балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері	Болашақ	15.05.201 9ж	№18 (998)
22	Ш. Таскетбаев а	Экологиялық ассорти	Экоәлем	2019ж	№1 (1)
23	А. Нажмідін	Қосымша білім беру жүйесінде білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту	Болашақ	22.05.201 9ж	№19 (999)
24	Б. Асанбек	Балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері	Респуб.әдіс. педаг. журнал	2019ж	№2
25	А.Нажміді н	Ақпараттық техн. қолдану арқылы оқыту	Респуб.әдіс. педаг. журнал	2019ж	№2
26	У. Камытбеко ва	Табиғатты аяла, құшағында саяла	Шымкент келбеті	31.05.201 9ж	№43 (1685)
27	М. Джайнаров а	Өсімдіктер әлеміне саяхат	Шымкент келбеті	29.05.201 9ж	№42 (1684)

28	Қ. Жылқыбаева	Ұлты ұлықтаған ұлы тұлға	Болашақ	25.04.2019ж	№16 (996)
29	З. Таубаева	Гүл күтуді үйрететін үйірме	Шымкент келбеті	05.06.2019ж	№44 (1686)
30	М. Шамшиева	Табиғат – тал бесігім	Шымкент келбеті	07.06.2019ж	№45 (1687)
31	Г. Ерсары	Экологиялық білім табиғат аясында	Шымкент келбеті	2019ж шілде	-
32	М. Керимбеков	«Жасыл әлем-2019»	Шымкент келбеті	2019ж шілде	
33	У. Камытбекова	«Экологиялық орталығына 65 жыл»	Болашақ газеті	27.11.2019ж	№44 (1024)
34	У. Камытбекова	«Табиғат әлемі балалар көзімен» қалалық көрме байқауы	Болашақ газеті	11.12.2019ж	№46 (1026)
35	А. Нажмидін	«Білім алушылардың зерттеу жұмыстары»	Болашақ газеті	27.12.2019ж	№48 (1028)
36	Г.Мусаева	«Мақсатымыз – жастардың экологиялық көзқарасын қалыптастыру»	Оңтүстік рабат газеті	27.11.2019ж	№48
37	Б.Асанбек	«Балдырлардың табиғаттағы рөлі және олардың практикалық маңызы»	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институты, «Болашаққа бағдар: Рухани	2019 жыл	-

			жаңғыру» бағдарламасы аясында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі» атты облыстық ғылыми- практикалық on- line конференциясын ың материалдары		
38	Ш. Таскетбаев а	«Эрудит» танымы	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институты, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі» атты облыстық ғылыми- практикалық on- line конференциясын ың материалдары	2019 жыл	-
39	Ж. Таштанұлы	«Экологиялық сауаттылық – болашақ кепілі» тақырыбындағы	Экоәлем	2019 жыл	№4 (2)

		қалалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының қорытынды мәліметі			
40	М. Керимбеков	«Табиғат әлемі балалар көзімен» аты қалалық көрме байқауы	Экоәлем	2019 жыл	№4 (2)
41	А. Адилова	Экологическое образование как фактор воспитания	Панорама Шымкента	6.01.2020 ж	№1 (1746)
42	А. Алданова	Табиғатты қорқауға тәрбиелеу – маңызды іс	Болашақ газеті	8.01.2020 ж	№1 (1029)
43	М. Балықбаева	Қасиетті әулие мекен – Қазығұрт	Шымкент келбеті	15.01.2020 ж	№3 (1748)
44	У. Камытбекова	Қазіргі таңда жас ұрпақ тәрбиесінің өзекті мәселелерінің бірі экологиялық білім мен тәрбие болып табылды	EDUNews.KZ ақпараттық агенттігі	2020ж	-
45	З. Таубаева	Табиғатым – тағдырым	Болашақ газеті	29.01.2020 ж	№04 (1032)
46	Г. Ерсары	Баланы жастан	Шымкент келбеті	7.02.2020 ж	№10 (1755)

5. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР

Балалар мен жасөспірімдерге экология-биологиялық бағытта қосымша білім мен тәрбие берудегі бағыттарының бірі әртүрлі деңгейдегі іс-шараларды ұйымдастырып өткізу.

Жыл сайын төмендегідей қалалық іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізіледі:

«Экология және балалар» атты оқушылардың зерттеу жұмыстарының байқауы;

Экологиялық салауаттылық – болашақ кепілі» тақырыбында қалалық семинар-практикумы;

«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілері форумы;

Мекеменің 65 жыл толуына орай «Экологиялық сауаттылық – болашақ кепілі» ғылыми-тәжірибелік конференциясы;

«Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың слеті;

«Табиғат әлемі балалар көзімен» көрме байқауы;

«Әдістемелік вернисаж» әдістемелік идеялардың конкурсы;

«Менің планетам» форумы;

«Табиғатты қоршаған, адам әркез қорғаған» сайысы;

«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, табиғаттың мұны айтарға тілі жоқ» мектеп экоклубтарының форумы;

«Гүлдене бер – Астана!» гүлдер фестивалі;

«5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні» мерекелік іс-шарасы;

1 сәуір – Халықаралық құстар күніне арналған «ORNIS» сайысы;

«Қазақстан – қызғалдақтың отаны» қызғалдақтарды қорғау акциясы;

«Менің атаулы ағашым» ағаш егу акциясы;

«Жасыл әлем» жазғы сауықтыру алаңы;

Экологиялық іс-тәжірибе жұмыстары.

Сонымен бірге 2019 жылдан бастап, мекемемізде туристік-өлкетану және экскурсиялық бағытта іс-шаралар ұйымдастырылып өткізіле бастады.

«Отанымыздың Елордасы – Нұрсұлтан қаласымен танысамыз» өлкетану-экологиялық экскурсиясы;

«Оңтүстік Астанамыз – Алматы қаласымен танысамыз» атты өлкетану-экологиялық экскурсиясы;

«Өлкеміздің табиғат орындарына арналған» экскурсиялар;

«Ұлы дала елі» атты өлкетану-экологиялық экскурсиялар.

5.1. Қалалық іс-шаралар

2018 жылы 14 желтоқсан күні Қазыбек би атындағы №36 жом «Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында өткен **«Экология және балалар»** атты оқушылардың зерттеу жұмыстарының байқауы өткізілді. Жеңімпаздарға дипломдар және арнайы сыйлықтар, барлық қатысушыларға сертификаттар берілді. Іс-шара барысы «Панорама Шымкента», «Шымкент келбеті» газеттері мен «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК сайтына жіберіліп, әлеуметтік желілерде (Facebook, Instagram парақшасында) жарияланды. Педагогтер - 110, оқушылар – 136. Барлығы 246 адам қатысты.

2018 жылдың 20 желтоқсан күні Облыстық тарихи-өлкетану музейінде **«Экологиялық салауаттылық – болашақ кепілі»** тақырыбында қалалық семинар-практикумы өткізілді. Семинар-практикумға «Экологиялық орталығы» КММ, Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы мен М.Әуезов атындағы ОҚМУ және Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының қызметкерлері мен экология-биологиялық бағыттағы мектептердің педагогтері, жалпы 70 адам қатысты. Семинар қатысушыларына сертификаттар, баяндамашыларға алғыс хаттар берілді. Іс-шара барысы «Шымкент келбеті» газеті мен «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК сайтына жіберіліп, әлеуметтік желілерде (Facebook, Instagram парақшасында), жарияланды.

2019 жылы 15 мамыр күні **«Табиғатты аяла»** жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілері форумының сараптау кезеңі «Экологиялық орталығы» КММ-де, марапаттау рәсімі Қазыбек би атындағы №36 жалпы орта мектебінде өткізілді.

Жеңімпаздарға дипломдар және арнайы сыйлықтар берілді. Іс-шара барысы «Панорама Шымкента», «Шымкент келбеті» газеттері мен «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК сайтына жіберіліп, әлеуметтік желілерде (Facebook, Instagram парақшасында) жарияланды. Педагогтер - 120, оқушылар – 200. Барлығы 320 адам қатысты.



5.2. Республикалық іс-шаралар

2018 жылдың қыркүйек аралығында Маңғыстау облысы, Ақтау қаласында «**Табиғатты аяла**» атты жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумына мекемеміздің білім алушылары қатысып, жүлделі ІІ орынға ие болды.

2019 жылдың 11-13 маусым аралығында Қарағанды облысы, Қарағанды қаласында «**Табиғатты аяла**» атты жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумына мекемеміздің білім алушылары қатысып, жүлделі І, ІІ орындарға ие болды.

2019 жылдың 18-21 қыркүйек аралығында Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қатаркөл селосы, «Звездный» лагерінде «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-экспедициялық жасақтардың республикалық слетіне №97 жалпы білім беретін мектептің «Қанатты барыс» командасы, 7 оқушы, 2 жетекші қатыстырылып, «Команданың визит карточкасы» байқауы бойынша ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.





6. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Тәрбие жұмысының қызметінің мақсаты: білім алушылар мен жасөспірімдерге қоршаған ортаны қорғаумен жетілдірудің қажеттіліктерін түсіндіру, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және білім алу мүмкіндіктерін қанағаттандыру.

Міндеттері:

- балалар мен жасөспірімдерді мәдени-көпшілік, әлеуметтік маңызы бар және ұжымдықшығармашылық жұмыстарға қатысу үшін жағдай жасау;
- басқа да қосымша білім беру мекемелерімен, қоғамдық және табиғат қорғау саласы мекемелерімен, мәдени ұйымдармен бірлесіп қалалық іс-шараларды өткізу;
- балалар мен жасөспірімдерге мәдени-бос уақытын ұйымдастыруға арналған жаңа бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста болып, атқарылған іс-шараларды баспа беттерінде жариялау;
- экологиялық акциялар, сенбіліктер ұйымдастыру;
- экологиялық орталығының өңірлік іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу деңгейін арттыру: 55
- дәстүрлі іс-шаралар нысандарын жетілдіру, концерттік номерлердің сапасы мен санын арттыру;
- іс-шараның дайындық кезеңінде компьютерлік технологияларды пайдалану;
- балалар мен жасөспірімдердің республикалық және қалалық іс-шараларға қатысу деңгейін көтеру;
- іс-шараларды өткізу және дайындық кезінде басқа мекемелермен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасау;
- ата-аналармен жұмыс, балаларға арналған демалыс уақытын жақсарту.

Тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жұмыс жүргізуде:

1. Рухани-адамгершілік тәрбие
2. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономика, және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Білім алушылар мен жасөспірімдерге қоршаған ортаны қорғау мен жетілдірудің қажеттіліктерін түсіндіру, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және білу мүмкіндіктерін қанағаттандыру мақсатында өткізілген іс-шараларға білім алушылар белсене қатысады.

1. Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша:

1. 2018 жылғы 12 қазанда білім алушылар арасында экологиялық білім мен тәрбие беруді насихаттау және үйірме жұмыстарына тарту, экологиялық білімдерін дамытып, ойындар арқылы ойлау қабілеттері мен ой жүйріктігін арттыру, мәдениеттілікке тәрбиелеу мақсатында **«Менің орталығым»** атты тренингі өтті. Қатысушылар: білім алушылар - 28, ұйымдастырушы – 4, жалпы – 32.

2. 2018 жылғы 16 қазанда жасөспірімдер арасында экологиялық білім мен тәрбие беруді насихаттау және оқушыларды үйірме жұмыстарына тарту, қоршаған ортаны қорғау жұмыстарына баулу мақсатында **«Ашық есік күні»** атты салтанатты жиыны өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 100, ұйымдастырушы – 13, жалпы – 113.

3. 2018 жылғы 18 қазанда Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағында Бүкіләлемдік жануарларды қорғау күніне орай жасөспірімдерді жануарлар әлемімен таныстыру және қамқорлық жасау мақсатында **«Жануарлар әлемінде»** атты танымдық саяхат өтті. Қатысушылар: білім алушылар - 21, жетекші- 4, жалпы – 25.

4. 2018 жылғы 29 қазан мен 02 қараша күндері аралығында орталық базасында үйірме білім алушыларының күзгі демалыс уақытын тиімді пайдалануға дағдыландыру, тапқырлығын бақылау, шығармашылыққа баулу мақсатында **«Алтын күз-2018»** апталығы өтті. Қатысушылар: білім алушылар - 92, 11 – жетекші – 11, жалпы – 103.

5. 2018 жылғы 23 қарашада білім алушыларға, өмірде адами қасиеттерден асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіру, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі тәрбиелеу, дұрыс қарым-қатынас пен мәдениетті болу керек екенін ұғындыру мақсатында **«Мен және менің ортам»** атты тренингі өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 25, жетекші – 7, жалпы – 32.

6. 2018 жылғы 28 желтоқсанда жаңа жыл мерекесін атап өту мақсатында **«Қош келдің – Жаңа жыл»** мерекелік іс-шарасы өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 108, жетекші – 15, жалпы – 123.

7. 2019 жылғы 03-09 қаңтар аралығында үйірме білім алушыларының қысқы демалыс күндерін тиімді ұйымдастырып, салауатты өмір салтын ұстануға баулу мақсатында **«Қыс кереметтері»** клуб күндері өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 112, жетекші – 7, жалпы – 119.

8. 2019 жылғы 26 наурыз бен 03 сәуір аралығында үйірме білім алушыларының көктемгі демалыс күндерін тиімді ұйымдастыру, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу, шығармашылыққа баулу мақсатында **«Сыйқырлы көктем»** тақырыбында клуб күндері өтті. Қатысушылар: білім алушылар - 120, ұйымдастырушы – 7, жалпы – 127.

2. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша:

1. 2018 жылғы 19 қазанда білім алушыларды ұлтжандылыққа, адамгершілікке, елінің, жерінің құндылықтарын сезе біліп, оларды дәріптеуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу мақсатында **«Мен өз елімнің патриотымын»** атты ашық тәрбие сағаты өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 30, жетекші – 4, жалпы – 34.

2. 2018 жылғы 04 желтоқсанда білім алушыларды Елбасыға деген сүйіспеншілік, құрмет сезімдерін қалыптастыру, елінің, жерінің құндылықтарын сезе біліп, елінің патриоты болуға тәрбиелеу мақсатында **«Ұлты ұлықтаған – ұлы тұлға»** атты танымдық кеші өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 10, жетекші – 1, жалпы – 11.

3. 2019 жылғы 16 мамырда Қазақстанның Қарулы күштері жайлы білімді қалыптастыру мақсатында **«Халқы үшін туған ер!»** атты мерекелік іс-шара өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 25, жетекші – 4, жалпы – 29.

3. Отбасы тәрбие бағыты бойынша:

1. 2018 жылғы 13 желтоқсанда білім алушыларды елжандылыққа, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін арттыруға, тіліміз бен тарихымызға құрметпен қарауға тәрбиелеу мақсатында **«Байтақ елім – Қазақстан!»** атты мерекелік кеші өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 245, ұйымдастырушы – 15, жалпы – 260.

2. 2019 жылғы 08 мамырда **«Отанымның айбыны»** 7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне және 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған мерекелік іс-шара өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 36, ұйымдастырушы – 7, жалпы – 43.

4. Еңбек, экономика, және экологиялық тәрбие бағыты бойынша:

1. 2018 жылғы 22-26 қазан аралығында білім алушылардың табиғатты аялап, жан-жануарларға қамқоршылық сезімдерін қалыптастыру мақсатында **«Экологиялық десант»** тазалық апталығы өткізілді. Қатысушылар: білім алушылар – 95, жетекші – 11, жалпы – 106.

2. 2018 жылғы 26 желтоқсанда тұрмыстық қалдықтарды заманауи тәсілмен өңдеу жолдарын түсіндіре отырып, күнделікті өмірде қолдану тәсілдерін үйрету мақсатында **«Тұрмыстық қалдықтарды заманауи тәсілмен сұрыптау»** атты шеберлік сағаты өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 13, жетекші – 2, жалпы – 15.

3. 2019 жылғы 16 қаңтарда тұрмыстық қалдықтарды заманауи тәсілмен өңдеу жолдарын түсіндіре отырып, күнделікті өмірде қолданудың тиімді тәсілдерін үйрету мақсатында **«Қалдықтардың екінші өмірі»** атты шеберлік сыныбы өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 68, жетекші – 7, жалпы – 75.

4. 2019 жылғы 08 ақпанда табиғи қалдықтардан түрлі бұйымдар жасау арқылы шығармашылыққа баулу, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында **«Табиғи қалдықтармен жұмыс»** атты шеберлік сабағы өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 30, жетекші – 4, жалпы – 34.

5. 2019 жылғы 12 ақпанда батареикалардың құрамындағы металдармен, пайдалану ережесімен таныстыру, істен шыққан батареикалардың адам ағзасына және қоршаған ортаға зиянын түсіндіру мақсатында **«Кішкентай батареиканың үлкен құпиялары»** тақырыбында экологиялық тренингі өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 30, жетекші – 4, жалпы – 34.

5. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша:

1. 2018 жылғы 29 желтоқсанда қысқы табиғат әсемдігін көре білуге баулу, қыс айларындағы табиғат өзгерістерін, құбылыстарын бейнелеуге үйрету, қылқалам өнері арқылы шығармашылыққа баулу мақсатында **«Аяз салған өрнектер»** тақырыбында байқау өтті. Қатысушылар: білім алушылар - 43, жетекші -5 , жалпы – 48.

6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты:

1. 2019 жылғы 11 қаңтарда қала мектептерімен келісім шарт жоспары негізінде №60, №55 жалпы орта мектеп оқушылары арасында Қазақстан аумағындағы қорықтар жайлы білім қорын молайту, қоршаған орта мен флора, фауна әлеміне деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында **«Қазақстандағы қорықтар»** атты экологиялық сабағы өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 160, ұйымдастырушы – 8, жалпы – 168.

2. 2019 жылғы 19 ақпанда қала мектептерімен келісім шарт жоспары негізінде С.Көбеев атындағы №56 жалпы орта мектебі мен №52 мектеп-лицейінің оқушылары арасында бүкіл өмірін теңізде немесе теңіз маңында өткізетін теңіз сүтқоректілерінің тыныс-тіршілігімен танысу, оларға қамқор болу сезімдерін қалыптастыру мақсатында **«19 ақпан – Бүкіләлемдік теңіз сүтқоректілерін қорғау күніне»** орай іс-шаралар ұйымдастырылып өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 400, ұйымдастырушы – 5, жалпы – 405.

3. 2019 жылғы 21 ақпанда білім алушылардың танымдық қабілеті мен білім деңгейлерін тексеру, интеллектуалдық қабілетінің дамуына ықпал ету мақсатында **«XXI ғасыр көшбасшысы»** интеллектуалды сайысы өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 27, ұйымдастырушы – 4, жалпы – 31.

4. 2019 жылғы 15 наурызында қала мектептерімен келісім шарт жоспары негізінде О.Жандосов атындағы №30 жалпы орта мектеп оқушылары арасында қоршаған ортаға және табиғи ресурстарға құрметпен қарау, табиғатта жүру мәдениетін қалыптастыру, экологиялық білімдерін кеңейту мақсатында **«Планета қорғаушылары»** экологиялық тренингі өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 40, ұйымдастырушы – 5, жалпы – 45.

5. 2019 жылғы 20 наурызында қала мектептерімен келісім шарт жоспары негізінде Ә.Молдағұлова атындағы №29 жалпы орта мектеп оқушылары арасында жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, топпен жұмыс жасау әрекеттерін арттыру, табиғат байлықтарын сақтай білуге тәрбиелеу мақсатында 21 наурыз - Халықаралық орман күніне арналған **«Орман және климат»** тақырыбында экологиялық квест сабағы өткізілді. Қатысушы: білім алушылар - 25, ұйымдастырушы – 4, жалпы – 29.

7. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша

1. 2019 жылғы 24 қаңтарда ауа райының адам ағзасына тигізетін әсерін түсіндіру, қоршаған ортаға және өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға, салауатты өмір сүруге баулу мақсатында **«Ауа райының адам ағзасына кері әсері және қыс мезгілінің қиындықтары (көк тайғақ)»** танымдық сабағы өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 20 , жетекші – 5, жалпы – 25.

8. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша

1. 2019 жылғы 27 ақпанда қала мектептерімен келісім шарт жоспары негізінде №68, №90 жалпы орта мектеп оқушылары арасында рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту. Туған жерге, отанға деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында **«Рухани жаңғыру – өскелең ұрпақтың дара жолы»** атты іс-шара өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 121, ұйымдастырушы – 6, жалпы – 127.

2. 2019 жылғы 07 наурызда 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай Анаға деген мейірімді, сүйіспеншілікті арттыру, үлкенге ізет, кішіге үлгі бола білуге үйрету мақсатында **«Әлем шаттық пен сұлулыққа толатын күн»** атты өнер сайысы өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 42, жетекші – 11, жалпы – 53.

3. 2019 жылғы 19 наурызында Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесін атап өту, орталық білім алушыларын ұлттық тәрбиеге баулу, рухани байлығын нығайту, салт-дәстүрлерді жаңғырту мақсатында **«Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз!»** атты мерекелік іс-шара өтті. Қатысушылар: білім алушылар – 105, ұйымдастырушы – 15, жалпы – 120.

Қалалық іс-шаралар


1. 2018 жылы 14 желтоқсан күні Қазыбек би атындағы №36 жом **«Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында өткен «Экология және балалар»** атты оқушылардың зерттеу жұмыстарының байқауы өткізілді. Жеңімпаздарға дипломдар және арнайы сыйлықтар, барлық қатысушыларға сертификаттар берілді. Іс-шара барысы «Панорама Шымкента», «Шымкент келбеті» газеттері мен «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК сайтына жіберіліп, әлеуметтік желілерде (Facebook,

Instagram парақшасында) жарияланды. Педагог қызметкерлер - 110, оқушылар – 136. Барлығы 246 адам қатысты.

2. 2018 жылдың 20 желтоқсан күні Облыстық тарихи-өлкетану музейінде «**Экологиялық салауаттылық – болашақ кепілі**» тақырыбында қалалық семинар-практикумы өткізілді. Семинар-практикумға «Экологиялық орталығы» КММ, Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы мен М.Әуезов атындағы ОҚМУ және Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының қызметкерлері мен экология-биологиялық бағыттағы мектептердің педагогтері, жалпы 70 адам қатысты. Семинар қатысушыларына сертификаттар, баяндамашыларға алғыс хаттар берілді. Іс-шара барысы «Шымкент келбеті» газеті мен «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК сайтына жіберіліп, әлеуметтік желілерде (Facebook, Instagram парақшасында), жарияланды.

3. 2019 жылы 15 мамыр күні «**Табиғатты аяла**» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілері форумының сараптау кезеңі «Экологиялық орталығы» КММ-де, марапаттау рәсімі Қазыбек би атындағы №36 жалпы орта мектебінде өткізілді. Жеңімпаздарға дипломдар және арнайы сыйлықтар берілді. Іс-шара барысы «Панорама Шымкента», «Шымкент келбеті» газеттері мен «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК сайтына жіберіліп, әлеуметтік желілерде (Facebook, Instagram парақшасында) жарияланды. Педагог қызметкерлер - 120, оқушылар – 200. Барлығы 320 адам қатысты.

Іс-шараларға қатысымының салыстырмалы диаграммалық көрсеткіші



Үйірме аралық іс-шара

2016-2017 оқу жылында үйірме аралық іс-шараға - **2734**, 2017-2018 оқу жылында **2235** болды. Жоғарыда көрсетілген оқу жылдарында үйірме аралық іс-шараға **7583** адам қамтылды.

Қалалық іс-шара

2016-2017 оқу жылында қалалық іс-шараға - **2460**, 2017-2018 оқу жылында **6081** болды. 2018-2019 оқу жылында **3303** болды. Жоғарыда көрсетілген оқу жылдарында қалалық іс-шараға **11844** адам қамтылды.

Республикалық іс-шара

2016-2017 оқу жылында республикалық іс-шараға - **10**, 2017-2018 оқу жылында **10**, 2018-2019 оқу жылында **10**. Жоғарыда көрсетілген оқу жылдарында республикалық іс-шараға **30** адам қамтылды.

Жоғарыда көрсетілген оқу жылдарында іс-шараларға қатысушылардың көрсеткіші бойынша – **19457** адам қамтылды.

2018-2019 оқу жылында өткізілген іс-шараға қатысқан білім алушылар мен ересектердің сандық көрсеткіші

№	Іс-шара	Саны	Білім алушылар	Ересектер	Жалпы саны
1	Мекемеішілік іс-шаралар	38	2319	308	2627
2	Қалалық іс-шаралар	16	2028	1135	3163
3	Өңір аралық іс-шаралар	1	100	15	115
4	Республикалық іс-шаралар	1	9	1	10
5	Халықаралық іс-шаралар	4	9	3	12
	Барлығы	66	4465	1462	5927

Экология, өлкетану және туризм орталығы қаламыздағы бірқатар Жоғарғы оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарымен келісім шарт негізінде төмендегі оқу-орындарының студенттерін өндірістік іс-тәжірибеден өткізеді.

1. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің 5B060700 – «Биология» мамандығының және «Жаратылыстану ғылыми-педагогикалық» Жоғары мектебінің, 5B060700 – «Биология» мамандығының студенттері.

2. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетімен келісім шарт негізінде жұмыс жүргіземіз.

3. Өңірлік әлеуметтік-инновациялық университетінің Жаратылыстану және бизнес» факультеті 5B060700 – «Биология» мамандығының студенттері.

4. Түркістан жоғарғы аграрлық колледжінің 1514000 – «Экология және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану» мамандығының студенттері.

Экологиялық іс-тәжірибелік жұмысы

Мектеп оқушыларының жазғы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру,



дене еңбегіне баулу арқылы қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу мақсатында мекеме базасында экологиялық іс-тәжірибе жұмыстары төмендегі қала мектептерімен ұйымдастырылып өткізіледі.

Экологиялық іс-тәжірибе бағдарламасы бойынша оқушылар техника қауіпсіздігі нұсқаулықтарымен таныстырылады. Мекеменің тарихымен таныстыру

мақсатында мекеме аумағына экскурсия жүргізіледі. Экскурсия барысында тірі табиғат мүйісіндегі жануарлардың және құстардың тыныс-тіршілігімен, мекеме аумағында өсетін өсімдіктер түрлерімен таныстырылады.

Экологиялық білімді тәжірибемен ұштастыру мақсатында өсімдіктердің бір қатар түрлерін жинау, кептіру әдістерін үйреніп, гербарий жасау жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар оқушылар тәжірибелік жер теліміндегі көкөністердің түбін қопсыту, суғару жұмыстарымен айналысты. «Экологиялық ассорти», «Экологиялық квест», «Табиғатты аяла», «Менің өлкемнің табиғаты» және т.б. зияткерлік ойындары ойнатылады.



«Жасыл әлем» жазғы сауықтыру алаңының жұмысы

Үйірме білім алушыларымен, қала мектеп оқушыларының Отан сүйгіштік – патриоттық сезімін арттыру, экологиялық білім мен тәрбиеге баулу, жазғы демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Жасыл әлем» жазғы сауықтыру алаңы ақысыз жұмыс жүргізіледі.

Сауықтыру алаңына қаламыздағы №24, 36, 2, 12, 40, 7, 14, 75, 38, 43 мектептерінің оқушылары 3 маусымынан 12 шілде аралығында бектілген бағдарламаға сәйкес үш кезеңнің кестесі бойынша қатыстырылады.



I-кезеңде: «Рухани-адамгершілік және еңбек, экологиялық тәрбие» бағытында жұмыс жүргізілді.

Сауықтыру алаңына қатысушылар мекеменің тыныс-тіршілігімен, ішкі тәртіп ережесімен танысып, тірі табиғат бұрышындағы жануарлар мен өсімдіктер әлеміне саяхат жасады.

Сауықтыру алаңы барысында **«Қош келдің, жарқын жаз»** танысу тренингі, 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай **«Біз бақытты баламыз»** тақырыбында танымдық ойыны, **«Қызықты экология»** интеллектуальдық-танымдық сайысы, 5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған **«Планетаны сақтаймыз»** ойын-тренингі өткізілді.



II-кезеңде: «Ұлттық тәрбие және отбасы тәрбиесі» бағытында – **«Ою ойғанның ойы ұшқыр»** шеберлік сабағы, **«Мен және менің отбасым»** сурет сайыстары, **«Қазақтың ұлттық ойындары»** ойындары, **«Папье-машеден салынған суреттер мен табиғи диорамалар»** пішіндер жасау сабағы, **«Салауатты өмір – көтеріңкі көңіл»** эстафетасы ұйымдастырылып өткізілді.



III-кезеңде: «Қазақстандық патриотизм және көп мәдениетті, көркем эстетикалық тәрбие» бағытында – «Ертегілер елінде» сахналық қойылым, «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болама» әуенді сағаты, «Қазақстан – қызғалдақтың отаны» шеберлік сағаты, «Қазақстан елі арқылы сиқырлы саяхат» аясында сұрақ-жауаптар викторинасы, «Көңілді мәре» спорттық сайысы, «Серпантин» экологиялық викторина ұйымдастырылып өткізілді.



2018-2019 оқу жылында жазғы сауықтыру маусымында өткізілген іс-шараларға қатысушылардың сандық көрсеткіші

№	Іс-шара	Саны	Білім алушылар	Ересектер	Жалпы саны
1	Экологиялық іс-тәжірибе	1	553	50	603
2	«Жасыл әлем-2019» жазғы сауықтыру алаңы	1	3083	139	3222
3	Экскурсиялар	8	381	39	410
	Барлығы	10	4017	228	4245

2018-2019 оқу жылында және жазғы сауықтыру маусымында өткізілген іс-шараларға қатысушылардың жалпы сандық көрсеткіші

№	Іс-шара	Саны	Білім алушылар	Ересектер	Жалпы саны
1	Оқу жылы барысында өткізілген іс-шаралар	66	4465	1462	5927
2	Жазғы іс-шаралар	10	4017	228	4245

	Жалпы	76	8482	1690	10172
--	--------------	-----------	-------------	-------------	--------------

Мекеме үйірмелері арасында үйірме жұмыстарының қолөнер туындыларына арналған жылдық көрме ұйымдастырылып өткізіледі. Көрмеге қолөнер туындылары, панно, аппликациялар, гүл шоғырларының жиынтықтары, моншақтан тізілген жұмыстар, дәрілік және кептірілген өсімдіктер, ағаштан жасалған заттар, қалдық заттардан жасалған бұйымдар қойылады.



7. ЭКОЛОГИЯ, ӨЛКЕТАНУ ЖӘНЕ ТУРИЗМ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Мекемедегі үйірме топтарындағы қатысушы білім алушылардың соңғы үш жылдағы жеткен жетістіктері:

Ішкі, қалалық іс-шараның көрсеткіші

2016-2019 оқу жылдары аралығында **13** – I дәрежелі дипломға,
2016-2019 оқу жылдары аралығында **15** – II дәрежелі дипломға,
2016-2019 оқу жылдары аралығында **11** – III дәрежелі дипломға,
2016-2019 оқу жылдары аралығында **алғыс хаттар мен сертификаттар 75**
марапатқа ие болды.

Бірлескен өңірлік іс-шараның көрсеткіші

2016-2019 оқу жылдары аралығында **3** – I дәрежелі дипломға,
2016-2019 оқу жылдары аралығында **5** – II дәрежелі дипломға,
2016-2019 оқу жылдары аралығында **4** – III дәрежелі дипломға,
2016-2019 оқу жылдары аралығында **алғыс хаттар мен сертификаттар 3**
марапатқа ие болды.

Республикалық іс-шараның көрсеткіші

2016-2019 оқу жылдары аралығында **4** – I дәрежелі дипломға,
2016-2019 оқу жылдары аралығында **4** – II дәрежелі дипломға,
2016-2019 оқу жылдары аралығында **3** – III дәрежелі дипломға,
2016-2019 оқу жылдары аралығында **алғыс хаттар мен сертификаттар 24**
марапатқа ие болды.

Халықаралық іс-шараның көрсеткіші

2016-2019 оқу жылдары аралығында **16** – I дәрежелі дипломға,
2016-2019 оқу жылдары аралығында **1** – II дәрежелі дипломға,
2016-2019 оқу жылдары аралығында **1** – III дәрежелі дипломға,
2016-2019 оқу жылдары аралығында **алғыс хаттар мен сертификаттар 4**
марапатқа ие болды.

Мекемеіздің педагог қызметкерлердің 2018-2019 оқу жылындағы жетістіктері:

Қалалық іс-шараның көрсеткіші:

«Алғыс хат» - **33**, «Құрмет грамотасы» - **3**.


Бірлескен өңірлік іс-шараның көрсеткіші:


«Алғыс хат» –**13**

Республикалық іс-шараның көрсеткіші:

«I дәрежелі диплом» - **6**; «Құрмет грамотасы» - **7**;

«Алғыс хат» - 6; «Сертификат» - 2.
Халықаралық іс-шараның көрсеткіші:
«Алғыс хат» - 4.









ҚОРЫТЫНДЫ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап өткендей: «Егер біздің еліміздің әрбір азаматы талапқа сай білім мен білікті игеріп, әлемнің кез-келген еліне қажетті маман бола алған жағдайда, ол еліміздегі білім реформасы жетістігінің басты белгісі».

Елімізде жүріп жатқан терең әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер адамдардың бір-біріне деген көзқарасын өзгертіп, келеңсіз жағдайлардың өрбуіне, рухани құндылықтардың төмендеуіне әкеліп соқтырды. Ол өз кезегінде жас ұрпақ тәрбиесін жаңаша жүргізуді талап етеді. Бүгінгі күннің жаңа талаптары зор. Солардың қатарында: тұлғаның жеке басын дамыту, денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, кәсіптік бағдарын айқындау, өз қабілетін іске асыра білу, қоғам өміріне бейімделу, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру, өз әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіну, әлеуметтік бейімделу, азаматтық тұрғыда қалыптасу, көшбасшылық қасиеттерін дамыту және тағы басқа да талаптар бірінші кезекте. Аталған қасиеттердің барлығын қалыптастыру тәрбие кешені болып табылатын қосымша білім беру ұйымдарына артылар үміт көп.

Осыған байланысты, қазіргі таңда жастар қоғам дамуының маңызды стратегиялық ресурсына айналып отыр. Осы мақсатта бүгінгі таңда жастардың бастамаларын қолдау, білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға сай жетілдіру, жастарды әлеуметтік қамтамасыз ету сияқты маңызды жұмыстар жүргізілуде. Қосымша білім беру ұйымдарының басты міндеті «білімді, дарынды, тәрбиелі және бәсекеге қабілетті, қарқынды дамып жатқан ортада өмір сүруге бейім, өз мүддесін, сол сияқты қоғам мүддесін қорғауға дайын тұлға қалыптастыру» болып табылады. Өз кезегінде ата-аналар бала тұлғасын дамытудағы өздерінің сұранысын баланың білімінің толығы, тәжірибелік іскерлігінің жетілуі, өнегелі құндылығының байытылуы, өзіндік талпынысы мен ізденісінің анықтығы, білім, дағды, белгілі бір іс-әрекеттеріне қажетті сапаларды толық меңгеру, өзінің қабілеттерін дамыту мүмкіндіктеріне ие болу, қоғамдық өмірге бейімделу ынтасы зор. Қосымша білім беру ұйымдары уақытында кешенді тәрбие жұмысын қамтамасыз етуге міндетті.

Қосымша білім мен тәрбие беретін қосымша білім беру ұйымдары – білім алушыларға қосымша білім мен тәрбие беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын оқу-тәрбие ұйымы болып табылады.

Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын қосымша білім беру ұйымдары өз қызметінде Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнаманы, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларды, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының жарғысын, сондай-ақ өзге де

нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып өз қызметін атқарады. Сонымен қатар, балалардың бос уақытты мазмұнды етіп ұйымдастыру, жеке тұлғаны қалыптастыру, кәсіби бағдар беру, адамгершілік, салауатты өмір салты, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру сияқты міндеттерін атқарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Базарнов В.Ф. Экскурсия как форма экологического образования - Томск, 2007 г. - 65 с.;
2. Бобылева Л.Д., Экологическое воспитание младших школьников. // Начальная школа. – 2010 г. - № 5. - с. 64-75.;
3. Бабакова Т.А., Эколого-краеведческая работа с младшими школьниками. // Начальная школа. – 2003 г. - № 9. - с.16-20;
4. Гуриков Д.Е., Экология-наука для всех. - Алма-Ата: Кайнар, 2002 г. - 287 с.;
5. Виноградова Н.Ф., Окружающий мир в начальной школе / Н.Ф. Виноградова. - М.: «Академия», 2013 г. - 315 с.;
6. Сагимбаев Г.К., Экология. - Алматы: Каржы Каражат, 2009 г. – 144 с.;
7. Дагбаева Н., Экологическое воспитание школьников с помощью Интернета // Воспитание школьников. – 2011 г. - № 1. - С.22-23.;
8. Данилова М.З., Занимательная экология // Воспитание школьников. – 2010 г. - № 5. - С.25-33.;
9. Дежникова Н.С., Иванова Л.Ю., Клемяшова Е.М., Снитко И.В., Цветкова И.В. Воспитание экологической культуры у детей и подростков: Учебное пособие. - М.2013 г.;
10. Деревянко В.А., Савельева С.С., Бабанский И.Т., Уроки экологического творчества // Начальная школа. – 2009 г. - № 12. - С.40-44.;
11. Дерябко С.Д., Экологическая психология: диагностика экологического сознания. М.: Московский психолого-социальный институт, 2009 г. - 217 с.;
12. Ердаков Л.Н., Экологическая сказка для первоклассников // Начальная школа. – 2009 г. - № 11-12. - С. 19-22.;
13. Захлебный А.Н., Зверев И.Д., Кудрявцева Е.М., Экологическое образование школьников / М.: Педагогика, 2001г. - 266 с.;
14. Зверев Н.Д., Экология в школьном обучении: «Академия», 2003 г. - 193 с.
15. Каропа Г.Н., Теоретические основы экологического образования школьников: учебник / Г.Н. Каропа. - Мн.: НМО, 2005 г. - 170 с.;
16. Николаева С.Н. Теория и методика экологического образования детей: учеб. пособие /М.: «Академия», 2012 г. - 336 с.;
17. Цветкова И.В., Экологический светофор для младших школьников: Методическое пособие по воспитанию экологической культуры детей младшего школьного возраста / М.: Владос, 2010 г. - 288 с.;
18. Электронные ресурсы.